

Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтың 1998 жылға арналған бюджеті туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1998 жылғы 13 ақпандағы N 109

"Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 20 маусымдағы Заңын іске асыру үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтың 1998 жылға арналған бюджеті:

шығыстар бойынша 56340 млн. теңге сомасында,
бюджеттен ресми трансферттер 58900 млн. теңге,
шығыстар бойынша 115240 млн. теңге сомасында атқаруға қабылдансын.<*>

ЕСКЕРТУ. 1-тармақтағы сандар өзгерді - ҚРҰ-нің 1998.11.27. N 1199 қаулысымен

2. Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтың 1998 жылға арналған бюджетінің кірісі заңды тұлға құрмастан кәсіпкерлікпен және өзге де қызметпен айналысатын заңды және жеке тұлғалардың міндетті зейнетақы жарналарының, ресми трансферттердің банктер несиелерінің және Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қорына көрсетілген қызметтер үшін алынған қаражаттың есебінен қалыптасады деп белгіленсін.<*>

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ өзгерді - ҚРҰ-нің 1998.11.27. N 1199 қаулысымен.

3. 1998 жылы Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтан қаржы:

"Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес зейнетақы төлеуге:

зейнетақы төлеуді ұйымдастыру жөніндегі қызмет көрсету шығыстарына жұмсалсын.

4. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтың Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің несиесін өтеуді қамтамасыз ететін сметасын 570,0 млн. теңге және Астана қаласына қоныс аударуына байланысты Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтың қызметкерлеріне қызметтік тұрғын үй сатып алуға 29,5 млн. теңге сомасында белгіленген тәртіппен (қосымшаға сәйкес) бекітсін.<*>

ЕСКЕРТУ. 4-тармақ толықтырылды - ҚРҰ-нің 1998.12.30. N 1363 қаулысымен .

5. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 1998 жылы Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне зейнетақы төлеуге 52 500 млн.теңге сомасында ресми трансферттер, оның ішінде зейнетақы

төлеуге арналған несие келісімдері жөніндегі міндеттемелерді қаржыландыруды қоса алғанда, Қазақстан Республикасы Зейнетақы қорының 1997 жылдың желтоқсанында есептелген зейнетақыны төлеуі үшін 6180 млн. теңге бөлсін.

6. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталыққа міндетті зейнетақы жарналарының толық және уақтылы жиналуын қамтамасыз етсін.

6-1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 1998 жылы Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталыққа түскен нақты кірісті есепке ала отырып, зейнетақы төлеуге арналған ресми трансферттердің сомасын Үкіметтің кезек күттірмейтін мұқтаждарына Қазақстан Республикасы мемлекеттік бюджетінің кіріс және шығыс жіктемесіндегі "Экономикалық қызметпен байланысты өзге де қызмет көрсетулер" деген 13-функционалдық тобы бойынша көзделген қаражаттың есебінен 6400 млн. теңге ұлғайтсын. < * >

ЕСКЕРТУ. Жаңа 6-1-тармақпен толықтырылды - ҚРҰ-нің 1998.11.27. N 1199 қаулысымен.

7 . < * >

ЕСКЕРТУ. 7-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.07.27. N 781 қаулысымен.

8. Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтың 1998 жылға арналған бюджетінің атқарылуын бақылау Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1998 жылғы 13 ақпандағы
N 109 қаулысымен

бекітілген<*>

ЕСКЕРТУ. Қосымша өзгерді - ҚРҰ-нің 1998.11.27. N 1199 қаулысымен.

**Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік
орталықтың 1998 жылға арналған**

БЮДЖЕТИ

млн.теңге

КІРІСТЕР

1. Заңды тұлғалардың және заңды тұлға құрмастан кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке тұлғалардың міндетті зейнетақы жарналары

55600

2. Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер 58900<*>

2-1. Банктердің несиесі - барлығы 710
оның ішінде жабдық сатып алуға 410<*>

2-2. Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы
қорына көрсетілген қызметтер үшін
алынған қаражат 30 <*>

Барлық кіріс 115240<*>

ШЫҒЫСТАР

1. "Қазақстан Республикасында зейнетақымен
қамсыздандыру туралы" Қазақстан
Республикасының Заңына сәйкес төленетін
зейнетақыны төлеу 95493<*>

2. Зейнетақы төлемдерін индекстеуге арналған
қаражат 8667<*>

3. Зейнетақы төлеуді ұйымдастыру жөніндегі
қызмет көрсетулерге кететін шығыстар 624

4. Жерлеу үшін берілетін жәрдемақыны төлеу 985

5. Шетелге тұрақты тұруға кеткен азаматтарға
еңбек жарақаты немесе кәсіби ауруының
нәтижесінде тағайындалған жәрдемақыны
төлеу 39

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің
несиесін өтеуді қоса алғанда, Зейнетақы
төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтың
шығыстар сметасы бойынша, оның ішінде, 1551,5<*>

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінен
алынған несиені өтеу 570

Астана қаласына қоныс аударуына байланысты 29,5<*>

Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік
орталықтың қызметкерлеріне қызметтік тұрғын
үй сатып алуға арналған шығыстар

Банк несиесін өтеуге арналған шығыстар 300,5<*>

Барлық шығыс: 107660<*>

Шығыстың кірістен асуы 51320<*>

Қазақстан Республикасы Зейнетақы қорының,
зейнетақы төлеуге арналған несие келісімдері
жөніндегі қаржылық міндеттемелерді орындауын
қоса алғанда 1997 жылдың желтоқсанында
есептелген зейнетақыны төлеуі 7580<*>

Барлық шығыс

115240<*>

ЕСКЕРТУ. Қосымша толықтырылды - ҚРҰ-нің 1998.12.30. N 1363 қаулысымен .

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК